



## **"Электрондық Үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын айқындау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 40 қаулысы

«Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы болып айқындалсын.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К.Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

2 9

қ а ң т а р д а ғ ы

№ 4 0

қ а у л ы с ы н а

қосымша

### **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізімі**

1. «Ақпараттандыру саласындағы оператор туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 679 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 41, 365-құжат).

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 қарашадағы № 1169 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 59, 579-құжат).

3. «Электрондық үкіметтің» төлем шлюзінің операторы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1497 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 10-11, 136-құжат).

4. «Мемлекеттік техникалық қызметтің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 қаңтардағы № 49 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 6-

тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 12, 226-құжат).

5. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің мәселелері» туралы 2004 жылғы 24 қарашадағы № 1232 және «Ақпараттандыру саласындағы оператор туралы» 2010 жылғы 1 шілдедегі № 679 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1114 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 60, 826 - құжат) .

6. «Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының операторы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1719 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 17, 280-құжат).